Ата –аналар жиналысының
№1 хаттамасы

№3 Хромтау орта мектебі
Өткізген күні: 07.10.2022ж.

Отырыс төрайымы –М.Е.Ермаханова
Хатшы- А.Бітімбай
Қатысқандар:
Мектеп директоры-Ш.Т.Отаров
Директордың әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары - Н.С.Казиева
Оқу ісінің орынбасары- М.Е.Ермаханова
Пән мұғалімдері, сынып жетекшісі, ата-аналар

Күн тәртібінде:

1. **«Мектепке арналған PISA» зерттеуге даярлық жұмыс жоспары туралы.**

Тыңдалды:

1. **І-мәселе бойынша –М.Е.Ермаханова -оқу ісінің орынбасары-** Осы оқу жылында біздің мектебіміз мектепке арналған PISA зерттеуіне түсті. Мектептің 37 білім алушысы /9 -11 класс/ қатысқалы отыр. Зерттеуге 15 жас 2 ай-16 жас 3 ай аралығындағы оқушылар түсіп тұр. Олар: математика, қазақ тілі, жаратылыстану бағытындағы пәндер /математика, химия, физика, биология, география пәндері/ бойынша онлайн форматында тест жұмысын орындайды. /қосымша анықтама тігілді/.

«Мектептерге арналған PISA» зерттеуінің мақсаты мен міндеттері:

- «Мектептерге арналған PISA»-ның PISA-дан айырмашылығы
- Зерттеу форматы
- Зерттеу іріктемесі
- Жеке және топтық есептер
- Зерттеу апробациясы айтылды.

- Бағалау бағыты:
- Оқу, математика, жаратылыстану
- Мектептерге арналған PISA зерттеуі оқушылардың халықаралық деңгейде салыстырылатын үлгеріміне, оқуға деген көзқарасына және оқу ортасы туралы ақпаратқа қол жеткізуге мүмкіндік береді.

2. **Мектеп директоры:Ш.Т.Отаров** –жиналыс соңында ата-аналардың өз балаларын қолдауға, білімдерін одан әрі шыңдауға шақырып, мектебіміздің оқушыларын білімдерін жоғары деңгейде көрсетулеріне сәттілік тіледі.

Шешім:

1. Оқушылардың «Мектептерге арналған PISA» зерттеуіне даярлығын қадағалау.

Отырыс төрайымы: М.Е.Ермаханова

Хатшы: А.Бітімбай

Хаттама

Күні:12.10.2022
Қатысқандар: 9.10.11-класс оқушылары
PISA халықаралық зерттеуіне оқушыларды дайындау
PISA - (Programme for International Student Assessment) оқушылардың білімі мен біліктілігін бағалаудың халықаралық бағдарламасы.
Тақырыбы: Оқушылардың есте сақтау қабілеттерін дамыту.
Мақсаты: Оқушыларының жедел есте сақтау, қысқа мерзімді есте сақтау, бейнелік және дыбыстық есте сақтау қабілеттерінің басым түрлерін анықтау.
1-жаттығу. «Әртүрлі тастар»
Нұсқау: Мен сіздерге әртүрлі тастардан тандау жасауды ұсынамын. Сонан соң қайтадан жинап аламын да басқа тастар мен арластырамын ал сендер қайтадан өз тастарыңды тауып алу керексіңдер.




2- жаттығу. «Аралдағы кеме»
Нұсқау: Елестетеміз сіздер аралда қалып қойған саяхатшыларсыңдар. Мен аралдың қасынан өтіп бара жатырған кеменің капитанымын. Сіздерді көріп қалып, алып кетуді шештім бірақ менде төрт орын ғана бар. Сіздердің амалдарыңыз өзіңізге лайықты себебін айтып, міндетті түрде сізді алып кету үшін мені сендіруіңіз керексіз.




Рефлексия және қоштасу.
-Бүгінгі жатығулардан сізге не ұнады?
-Сен үшін ең қызықты жаттығу қайсысы болды??
-Бір -біріңе не тілек айтар едіңіз?

Педагог-психолог: М.К Изгалиева

Хаттама

Күні: 18.10.2022.

PISA халықаралық зерттеуіне оқушыларды психологиялық тұрғыдан дайындау және зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Мақсаты: Оқушылардың меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білу ептіліктерін бағалауға бағытталған.

Қатысқандар: 9.10.11- класс оқушылары.
Тақырыбы: Дамыту жаттығулары.

1- жаттығу «Көру арқылы есте сақтау».

17	46	401	296	12
874	654	82	49	63
721	546	841	92	106
378	76	19	85	123
989	121	18	7	378

2-жаттығу «Есту арқылы есте сақтау»,

1.Кітап. 2. Күз. 3. Жемпір. 4.Трактор 5. Қуыршақ
6. Балта. 7.Қақпа. 8.Әке. 9.Бауырсақ. 10.Қасқыр

3-жаттығу «Он сөзді пайдалана отырып әңгіме құрастыру».

Қорытынды: Оқушылардың көру арқылы, есту арқылы есте сақтау қабілеттері зерттелді. Әңгіме құрастыру арқылы оқушылардың ойлау қабілеттерінің дамуына ықпал жасалды.






Педагог-психолог: М.К Изгалиева